



# Егемен Қазақстан



## Егемен.kz

### **"Жиһад" мұсылманның алтыншы парызы емес**

**Тіл – тамыр болса, дін – діңгек. Осы екеуінен айырылған жұртты ұшы-қиыры жоқ кеңістікте қайда барып қайырылары белгісіз ескексіз қайық десек жөн болар. Бүгінде Елбасы тапсырмасымен елімізде осы екі құндылықты сақтау, қорғау жолында ауқымды жұмыстар қолға алынған. Алайда, аяқтан шалып, бұра тартып тұрған кедергілер кездеспей қалмайды...**

Ақтауда Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі мен Маңғыстау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ислам және жиһадизм» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Қазіргі таңдағы Ислам әлеміне жағылған қара күйе «мен – мұсылманмын» дегеннің абыройын аяқасты етіп, енді бірқатарын бағзыдан бері ата-бабасы ұлықтаған наным-сенім, ұстанымнан шошындырып жатқаны жасырын емес. Ал жастарды арандатумен айналысатын ағымдардың көбеюі мен олардың апарып тірер тығырығы туралы ойлаудың өзі қорқынышты... Әсіресе, әлдебір орын алған келеңсіз оқиғалар кінәсін ислам дінінің мойнына іліп, болмысынан бірлік пен адалдықты, имандылықты уағыздайтын асыл дінді жанжалдың құралы ретінде көрсету, сол арқылы діннің айрандай ұйыған ішкі бірлігіне іріткі салу өзгелердің ойыны екенін ұғынбайтынымыз өкінішті. Өлтіру, тонау, зорлау-қорлау секілді қылмыстар жолда қалып, жарылыс, лаңкестік деген жантүршігерлік оқиғаларды жиі ести бастадық. Бейбіт тұрғындардың өмірін астанкестең еткен осы жағдайларға қарап, біреудің алажібін аттамау, құмырсқаға да қылдай қиянат жасамау, «тозаңдай күнә емес, тозаңдай жақсылық жасауды» насихаттайтын дініміздің бірқатар өкілдері бүгін жатұғым мен жалған сенімнің жетегінде желігіп жүргендей әсерде боласың. Сонда олар өздерінің әрекетін қандай негізге сыйғызып, қандай ұғыммен байланыстырды дейсіз ғой? Олар Құранда 39 жерде айтылып, оның төртеуінде ғана бейбіт мақсаттағы «күресу» мағынасын білдіретін «жиһад» сөзін жамылады екен. Өздерін «таза жолда жүрміз, иманы түгел мүмін біздің жолымызды қолдап, қатарымызға қосылуы шарт» деп түсінетін, қолдамағандарды шімірікпестен өлтіре салудан тайсалмайтын және лаңкестік жасауға қай кезде де дайын тұратын олар мұндай өлімді «дін жолындағы қасиетті соғыста шейіт кетумен» түсіндіреді.

Расында солай ма? Мұның аныққанығына дін мамандары қатысқан жиында көз жеткізе түстік.

Жиынды ашқан Маңғыстау облысының әкімі А.Айдарбаев конференцияның маңыздылығына тоқталып, діндегі жиһад ұғымының ауқымы кең екендігін, оны әрбір жастың жете түсіне білуіне жұмыстану керектігін айтты.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің төрағасы Қ.Лама Шәріп «жиһад» сөзінің маңызына тоқталып, мағынасын ашуға тырысты.

– Діни сауаты жоқ жастардың «жиһад» терминін саясиландырып отырғандығын атап айту қажет. Жиһадшылыққа елігіп жүргендердің теориясына сәйкес, бүкіл әлем «ислам аумағы», «соғыс аумағы» болып екіге бөлінген. Біріншісіне мұсылмандар билігіндегі елдер, екіншісіне өзге діндегі билеушілер басқаратын елдер жатады. Жиһадшылардың сенімі бойынша «осы екі әлем мәңгілік соғыс жағдайында болуы тиіс». Сондай-ақ, радикалды көзқарастағы кейбір идеологтар «бейбіт келісімдегі аумақ» дегенді де айтады. Бұған мұсылмандар билік жүргізбегенмен, ол жерлердің билеушілері мұсылман мемлекеттерінің боданы болып, белгілі бір мөлшерде салық төлеп тұруға тиіс деп саналады. Мұндай «надан» қоғаммен Қиямет қайымға дейін талмай күрес жүргізу керек деп ұғынатын олар «жиһад» сөзін малданады, – дейді Қайрат Қайырбекұлы. Агенттік төрағасының және конференцияда сөз алған ИСЕСКО кеңсесі Бас директорының сарапшысы, мароккалық доктор Абдел Кадер әл-Идриси, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының Өркениеттер әріптестігі орталығының сарапшысы, исламтанушы М.Ражбадинов, «Нұр» қазакегипет Ислам мәдениеті университетінің оқытушысы М.Иса, ҚМДБның уағыз насихат және ғаламтормен жұмыс бөлімінің меңгерушісі Е.Оңғаровтардың айтуынша, «жиһад» біздің тілімізде «күрес» мағынасын білдіреді, бірақ күрес деген алашапқын соғыс, жойқын жарылыс, қанды қырғын емес екен. Ол «жүрек жиһады», яғни адамның өз бойындағы кемшіліктермен күресі, «тіл жиһады» – жақсылыққа шақыру және жамандықтан тыю, сондай-ақ адамгершілік нормаларын бұзушыларға қатысты тиісті жаза қолдану мақсатындағы «қол жиһады». Бұған Мұхаммед пайғамбардың «жиһадтардың ең ұлысы – адамның өз нәпсісіне қарсы жиһады» деген сөзі дәлел. Тіпті, бүгіннің биігінен мысал келтірер болсақ, қуаңшылықпен, ысырапшылықпен, боран-дауылмен күресіп, елдің ырыздығын қамтамасыз ететін Ауыл шаруашылығы министрлігі Иран елінде «Ауыл шаруашылығындағы жиһад министрлігі» деп аталуының өзі біраз жәйді аңғартқандай.

Қ.Лама Шәріп «жиһадқа» қатысты аяттардың шығу тәркінін зерттеу үшін алдымен Мұхаммед пайғамбардың Меккедегі өмірі мен қызметі туралы баяндайтын тарихи деректерге көз жүгірту қажеттігін айтса, Е.Оңғаров «жиһадизмді» желеу етіп, террорлық әрекетке барып жүргендердің дәстүрлі Исламға қатысы жоқтығын айтты. –

«Жиһадизмге» бой ұрғандар діни сауаты бар діндардың алдында отырып сабақ алмаған, әліпті таяқ деп танымайтын, рухани кеңістігін жалаң ақпаратқа толтырған шала сауаттылар. Дәстүрлі Исламның құндылықтарынан сусындап, мешіттердегі сауат ашу курстарынан дәріс алғандардың ішінен бірде бір жанкешті «жиһадист» шыққан емес, – деді ол. Ал доктор Абдел Кадер әл-Идриси де «жиһад» сөзінің бүгінгі күнде белең алып отырғаны соншалық, оған назар аударып қана қоймай, оның дұрыс-бұрыстығын халыққа түсіндіріп, кешенді шараларды қолға алудың маңызы зор деп санайтындығын жеткізді. Жастарды діни сауаттылыққа баулу жұмыстарының әлі күнге кемшіндігін, оның салдары жас буынның азғырған ағымның шырмауынан шыға алмай қалуына соқтыратынын айтқан М.Иса мектептерде дінтану сабағының әлсіздігін сынға алды. «Діни сауаты жоқ жастарымыз «жиһад» деп жанын қиып, көз алдымызда белгісіз ұғымның қолшоқпарына айналууда. Бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Жолдауында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз», дей келіп, «мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс» деген болатын. Осы негізде біз мектептерде идеологиялық жұмыстарды жандандырып,

барлық деңгейдегі білім мекемелеріне «Ханафимазһабы» пәнін енгізуге тиіспіз. Сондай-ақ, халқымыздың ұлы тұлғаларының ілім-білімін, жүрген жолын жастарға үлгі ету мақсатында өңірлерде орталықтар құруымыз қажет», деді ол.

Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қаупін болдырмау арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама» жасалған. Діннің дін амандығын, халық пен мемлекеттің тыныштығын сақтау, жастарды адасудан арашалау мақсатында еліміздің Дін істері агенттігі насихаттық шаралар ұйымдастырып келеді. Жыл басынан бері республикамыздың әр өңірінде бес ірі шара өткізген олар алтыншы шараны Ақтау қаласында өткізуді жөн санапты. Алдағы уақытта тағылымды жиындарды жиі өткізуді жоспарлап отырған олар, 2017 жылға қарай Қазақстан халқы, оның ішінде жастар, әсіресе діни негіздегі радикалды идеология ықпалына бейім немесе оған ұшырағандар – экстремизм мен терроризм идеяларына қарсы сананы қалыптастыруға бағытталған кешенді алдын алу жұмыстарымен қамтылатындығын айтты.

Діни радикализм мен экстремизмнің таралуы және теріс сипаттағы діни идеялар мен әрекеттердің алдын-алу, оларға қарсы пәрменді іс-қимылдар жасауға қатысты өзекті мәселелер көтеріліп, қазақстандық қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету және елдегі конфессияаралық келісімді одан әрі нығайту жолдары қаралған конференция соңы қатысушылардың үндеу қабылдауымен қорытылды.

Сөз бен сыбыстың күші теңдессіз. Әлем жұртшылығы түрлі құралдар арқылы күнделікті хабар-ошарға қанығып отыр. Осы тұрғыда ақпараттың барынша айқын, анық және әділ берілуі аса маңызды. Бұл тұрғыда БАҚ-тың алар орны мен атқарар қызметі айрықша. Әрбір мұсылманға міндет болған бес парызды «жиһадты» қосу арқылы алтыға жеткізіп, діни сауаты жоқтарды қатарына тоғытып жүргендер мен соның салдарынан мұсылман дінін қаралап жүргендердің «бетін бері қаратуда» да БАҚ-қа жүктелер міндет зор. Сондықтан конференция соңы дін өкілдерінің Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарынан келген журналистермен жүздесіп, түрлі сұрақтарға жауап іздеген дөңгелек үстелге ұласты.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ